

«Kazakh Tourism» ҰК» АҚ
Қоғамдық кеңестің отырысының
ХАТТАМАСЫ

Астана қаласы

№ 12

2025 жылдың «28» наурыз

«Kazakh Tourism» ҰК» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55/14 үй.

Қоғамның Қоғамдық кеңесінің (бұдан әрі – Қоғамдық кеңес) отырысы ZOOM конференц байланысы арқылы өткізіледі, сілтеме: <https://us06web.zoom.us/j/82342759716?pwd=P7bvqb3ztPYNcVUbnLeJJozma364QV.1>.

Отырысқа қатысқандар:

Қоғамның Қоғамдық кеңесі келесі құрамда:

- коммерциялық емес ұйымдар мен азаматтардың өкілдері:

1. Боровая Наталья Алексеевна
2. Берден Инжумаржан Мысырғалиқызы
3. Калкабаев Азамат Муратбекович
4. Нуркебаева Асель Болатовна
5. Оспанова Гульден Джетысовна
6. Салимова Вагида Вилиновна
7. Нұрлыбаев Нұркен Аргинқазыұлы
8. Тикенов Еркін Амангельдинович
9. Курумбаев Айбулат Шамуратович

- «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ өкілдері:

10. Устимиров Ильяс Нурланович.

Отырысқа қатысты: Қоғам Басқарма төрағасы Садвакасов К.С.

Қоғамдық кеңесінің хатшысы: Бакаева Ш.М.

Отырысты өткізу үшін кворум бар.

Күн тәртібі:

1. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасымен жұмыс кездесуін өткізу.

Күн тәртібіндегі мәселесі бойынша талқылау барысы:

Қоғамдық кеңес мүшесі В.В. Салимова бірінші болып сөз алып, ауылдық жерлер мен шағын қалаларда туристік өнімдерді дамыту, өңірлік визит-орталықтармен байланыс орнату мәселелері бойынша пікірін білдірді. Ол жергілікті тұрғындарды оқыту, визит-орталықтармен тиімді әріптестік құру арқылы өңірлік туризмді сапалы дамыту бойынша ұсыныс айтты.

А.Б. Нұркебаева ұсынысты қолдап, ауыл туризміне қатысты пікір білдірді. Сонымен қатар, ол туристік өнім жобаларын әзірлеуде көмек

көрсетуге дайын екенін айтып, «туристік өнім» және «тур» ұғымдарына өзгерістер енгізу қажеттігін ұсынды.

Е.А. Тікенов талқыланған мәселелерге қатысты өз ойын білдіріп, Қазақстан Республикасынанң Туризм және спорт министрлігі деңгейінде кешенді жоспарлар әзірлеу ережелерін дайындау және оларды жергілікті атқарушы органдар деңгейінде енгізу мүмкіндігін қарастыруды ұсынды.

Н.А. Боровая мен Г.Д. Оспанова да әріптестерінің ұсыныстарын қолдап, табиғатты сақтайтын туристік өнімдерді әзірлеуді ұсынды.

Басқарма Төрағасы өз кезегінде орнитологиялық және басқа да турлар бойынша жергілікті мамандандырылған ұйымдармен байланыс орнату, кәсіпкерлер палатасы аясында туризмді дамыту бойынша жұмыс тобын құру, Түркістан қаласын пилоттық жоба ретінде қарастыру мәселелерін көтерді. Кеңес мүшелерінің ұсыныстарына жеке-жеке пікір білдіріп, олардың жүзеге асырылу мүмкіндігін қарастыратынын айтып, алғысын білдірді.

Отырыс қорытындысы бойынша бюллетеньдерді жіберу арқылы Қоғамдық кеңес мүшелерінің қарауына мынадай шешім жобасы шығарылды:

1. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ-на (бұдан әрі – Қоғам) келесі ұсыныстарды қарастыру мүмкіндігін ұсыну:

1) ауылдық жерлер мен шағын қалаларда жергілікті тұрғындарды туристік өнімдер әзірлеуге оқыту;

2) өңірлердегі визит-орталықтар мен Қоғамдық кеңес арасында тұрақты байланыс орнату;

3) Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі деңгейінде кешенді жоспарларды әзірлеу ережелерінің жобасын дайындап, оларды жергілікті атқарушы органдар деңгейінде енгізу.

Бюллетеньдер арқылы Қоғамдық кеңес мүшелерінің жазбаша пікірлері жинақталды.

Бюллетеньдерді тапсырудың соңғы мерзімі: 2025 жылғы 3 сәуір, сағат 13:00-ге дейін. Дауыс санау күні мен уақыты: 2025 жылғы 3 сәуір, сағат 14:30.

Ескерту: Егер жазбаша пікірмен бюллетень тапсырылмаса, кеңес мүшесі шешімді қолдаған болып есептеледі.

Дауыс беру нәтижелері мен шешім:

Қоғамдық кеңес мүшелерінің бюллетеньдері негізінде келесі шешім қабылданды:

1. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ-на (бұдан әрі – Қоғам) келесі ұсыныстарды қарастыру мүмкіндігін ұсыну:

1) ауылдық жерлер мен шағын қалаларда жергілікті тұрғындарды туристік өнімдер әзірлеуге оқыту;

2) өңірлердегі визит-орталықтар мен Қоғамдық кеңес арасында тұрақты байланыс орнату;

3) Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі деңгейінде кешенді жоспарларды әзірлеу ережелерінің жобасын дайындап, оларды жергілікті атқарушы органдар деңгейінде енгізу.

Дауыс беру нәтижелері	Дауыс саны
«Қолдаймын»	10
«Қарсымын»	0
«Қарсымын»	0
Шешім көпшілік дауыспен қабылданды	

Қоғамдық кеңестің көпшілік мүшесінің пікірін ескере отырып, күн тәртібіндегі мәселе қаралды деп есептеледі. Хаттама Қоғамның ресми интернет-ресурсында қол қойылғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде жарияланады.

**Қоғамдық кеңесінің
Төрағасы**


_____ **Е. Тикенов**

**Қоғамдық кеңесінің
Хатшысы**


_____ **Ш. Бакаева**